

Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласы Туризм басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" 2022 жылғы 7 қыркүйектегі №3/443 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 22 ақпандағы № 1/106 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының Туризм басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" 2022 жылғы 7 қыркүйектегі №3/443 қаулысына келесі толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген "Алматы қаласы Туризм басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ережедегі:

14 тармақ келесі мазмұндағы 52-1), 52-2) және 52-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"52-1) жеке және заңды тұлғалар өкілдерінің өтініштерін қарау;

52-2) өтініштерді талдау және өтініш берушілер көтеретін жүйелі мәселелерді анықтау;

52-3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте кәсіпкерлік субъектілерін субсидиялау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;"

2. "Алматы қаласы Туризм басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) Мекеменің құрылтай құжатына енгізілген өзгеріс туралы Алматы қаласының әділет органдарына хабарлауды;

2) осы қаулыны қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннің ішінде электрондық түрде шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жариялауға жіберуді және Алматы қаласы әкімдігінің интернет ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы әкімінің
уақытша міндетін атқарушы

А. Амрин